

Ақтөбе облысы
Байғанин ауданы
«Қажығали
Мұханбетқалиұлы
атындағы орта мектеп-
гимназия» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
БҰЙРЫҚ



Актюбинская область
Байганинский район
коммунальное
государственное учреждение
«Средняя школа-гимназия
имени Қажығали
Мұханбетқалиұлы»
ПРИКАЗ

«31» тамыз 2023 жыл

№ 189

Қарауылкелді ауылы

2023-2024 оқу жылының басталуы туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы, Ақтөбе облыстық білім басқармасы Байғанин аудандық білім бөлімінің 2023 жылдың 31 тамыздағы №162\1 бұйрығы мен Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясының 31 тамыз күнгі педагогикалық кеңесінің қаулысын негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия бойынша 2023-2024 оқу жылы санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып басталынсын.
2. Сабақ кестесі ата-аналар комитетінің келісімі арқылы мектеп директорының бекіткен формасында өткізілсін.
3. Сабақ қоңырау кестесі №76 бұйрыққа сәйкес берілген санитарлық талаптарды ескере отырып жасалынған кестемен 45 минуттық ұзақтықпен екі ауысымда өткізілсін.
4. Оқу процесінің білім стандартына және санитарлық талаптарға сай жүргізілуін қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Ж.Молбаеваға, мектеп директорының бастауыш сынып ісі жөніндегі орынбасары В.Қ.Базарбаеваға міндеттелсін.
5. Оқушылар мен қызметкерлердің сабақ барысында белгіленген тәртіппен санитарлық талаптарға сай жүруін, мектепке келу-кету, үзіліс кезінде қозғалысын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Н. Қожабаевқа және медбике В.М.Шутееваға жүктелсін.
6. Сынып кабинеттерін және барлық жайларды ауысым арасында желдетіп отыру қажет жағдайда кварцтау және дезинфекцияға арналған антисептикалық ерітінділермен сүртілуін ұйымдастыру директордың шарушылық ісі жөніндегі орынбасары Б.Н.Шонаевқа және оны бақылау медбике В.М.Шутееваға тапсырылсын.
7. Егер оқушы мен қызметкерде қандай да болмасын ауру белгісі байқалған жағдайда ол оқушы не қызметкер тез арада оқшауландырылсын. Оқушыны онлайн негізде оқыту жүзеге асырылсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуы өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры:

Б.Ж.Нуртазина